

Құланөтпес ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданы Құланөтпес ауылының әкімінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 4 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 қазанда № 6055 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Құланөтпес ауылының әкімінің 2020 жылғы 19 қарашадағы № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Құланөтпес ауылының әкімінің 29.11.2020 № 7 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Құланөтпес ауылының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Ірі қара мал арасынан вирусный диарея және инфекциялық ринотрахеит ауруларының анықталғанына байланысты Құланөтпес ауылының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

А. Абенов